

## "Әуежай қызметіне жататын қызметтер және операциялар тізбесін бекіту туралы" "

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2011 жылғы 3 наурыздағы № 81-НҚ және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 5 наурыздағы № 119 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылды 1 сәуірде № 6857 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2017 жылғы 31 шілдедегі № 515 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 302 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 31.07.2017 № 515 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.08.2017 № 302 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес **БҮЙІРДАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Әуежай қызметіне жататын қызметтер және операциялар тізбесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ә. Әдімолда) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Қ.М. Смағұловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Табиғи агенттігінің	Республикасының Қазақстан монополияларды реттеу Көлік төрағасы м и н и с т р і	Республикасының және коммуникация
_____ Н. Алдабергенов	_____	_____ Ә. Құсайынов

реттеу агенттігі төрағасының  
2011 жылғы 3 наурыздағы  
№ 81-НҚ және  
Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
2011 жылғы 5 наурыздағы  
№ 119 бірлескен бұйрықтарымен  
бекітілген

## **Әуежай қызметіне қатысты қызметтер мен операциялар тізімі**

1. Әуе кемесінің ұшу мен қонуын қамтамасыз ету, қоса алғанда:

1) ұшу-қону жолағын, рульдік жолдар, перрондар беру;

2) әуеайлақты күту мен пайдалануды қамтамасыз ету;

3) әуеайлақты жарықтехникалық қамтамасыз ету;

4) әуежай аймағында ұшу қауіпсіздігін орнитологиялық қамтамасыз ету;

5) әуенавигациялық ақпараттардың және әуе кемесінің әуежайдан ұшының негізгі бағыты бойынша әуенавигациялық жағдайдың оперативті өзгерісін жеткізу;

6) ұшу бағыты бойынша желдің режимін есепке алып, авиациялық жанар-жағармай материалдарының қажетті мөлшерін дұрыс есептеуін тексеріп шығу; (соның ішінде әуежаймен орындалған жағдайда);

7) радиотехникалық қамтамасыз етуді (соның ішінде әуежаймен орындалған жағдайда);

8) метеорологиялық қамтамасыз ету (соның ішінде әуежаймен орындалған жағдайда);

9) жақындау жолда диспетчерлік қызмет көрсету және әуеайлақтың диспетчерлік қызмет көрсету (соның ішінде әуежаймен орындалған жағдайда);

10) әуежай ауданында авария және өрт апаттарын алдын-алу шараларымен қамтамасыз ету.

11) Жолаушылық әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағат және жүк пен жүкжолаушылық сертификаттаған әуе кемелеріне қону әуежайында өндөуге (тиеуге және/немесе) түсірге жататын жүк (пошта) болу кезінде алты сағат ішінде тұрақ орнын беру;

12) жүк және жүкжолаушылық сертификатталған әуе кемелерінің түрлері қонғаннан кейін, өндөуге жататын жүк (пошта) болу кезінде үш сағат ішінде тұрақ орнын беру;

13) Әуеайлақ зонасында авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қоспағанда қону мезетінен бастап тоқтау мезетіне дейін әуе кемесіне әуеайлақтық қызмет көрсету технологиясында көзделген басқа қызметтер.

2. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоса алғанда:

- 1) жолаушыларды, қол жүктерін, багаждарды, азаматтық авиациясы әуе кемелерінің экипаждары мүшелерін;
- 2) әуежайдың өткізу және ішкі объектілік режимдерін қамтамасыз ету;
- 3) әуе кемесін, пошта мен борт қорларын ұшу алдында тексеру;
- 4) әуежай күшін және құралдарын заңсыз араласу актілерін бөгөу бойынша әрекеттерге дайындықта ұстау;
- 5) әуе кемелеріне бөтен тұлғалардың өтуін болдырмайтын тұрақтарда әуе кемелерін күзету;
- 6) әуе кемесімен тасымалдауға тиым салынған қару, оқ-дәрілер, жарылғыш, радиоактивті, улы, тез тұтанғыш құралдар мен заттарды алып жүру мүмкіндігін болдырмау;
- 7) әуе кемесінің жолаушылардан бөлек бөлігінде оғы алып тасталынған күйде оларды багажда тасымалдауды қамтамасыз ететін қару мен оқ-дәрілерді тасымалдау кезінде сақтықтың ерекше шарасын енгізу;
- 8) авиақамтамасыз ету объектілерін күзету;
- 9) әуежай аймағына пайдаланушылардың авиациялық қауіпсіздік қызметінің жұмысын ұйымдастыру.

3. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі қосымша қызметтер, қоса алғанда:

- 1) қызметкер мен өту рұқсаты шектеулі аймаққа өтетін коммерциялық ұйымдардың көлік құралдарын тексеру және рұқсатнамалармен қамтамасыз ету;
  - 2) көлік құралының өтуі үшін жолдарды күтуді қамтамасыз ету;
  - 3) бақылау жүргізілетін зонада өтініш арқылы тұлғаларды алып жүру;
4. Басқа ұжымдардың әуежай аймағын өртке қарсы қамтамасыз ету, қоса алғанда:

- 1) персоналды ұсыну;
- 2) техникалық құрал-жабдықтарды беру;
- 3) өртті сөндіруге арналған материалдар беру;

5. Әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағаттан және жүк пен жүкжолаушылық сертификаттаған әуе кемелеріне қону әуежайында өндеуге (тиеуге және/немесе) түсіруге жататын жүк (пошта) болу кезінде алты сағаттан тыс тұрақ орнын беру:

1) тұрақ орнын дайындау;

2) Жолаушылық әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағаттан және жүк пен жүкжолаушылық сертификаттаған әуе кемелеріне қону әуежайында өндеуге (тиеуге және/немесе) түсіруге жататын жүк (пошта) болу кезінде алты сағаттан тыс тұрақ орнын беру;

6. Әуе кемесіне базалық әуеайлақтан тұрақ орнын беру, қоса алғанда:

1) тұрақ орнын дайындау;

2) әуе кемесіне базалық әуеайлақтан тұрақ орнын беру.

7. Жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) беру, қоса алғанда:

1) жолаушыларды тіркеуді жүзеге асыру үшін жұмыс орнын дайындау;

2) жолаушыларды тіркеуді жүзеге асыру үшін қажетті жабдықтар және байланыс құралдары бар орын беру;

3) жолаушылады тіркеуді жүзеге асыру үшін терминалдағы жалпы қолданыс орнының бөлігін беру.

8. Жолаушыларға қызмет көрсету – жолаушыларды тіркеуді әуежай жүзеге асыратын жағдайда қызмет көрсету технологиясына сәйкес көрсетілетін қызметтер, қоса алғанда:

1) жолаушыларды тіркеу, багажды өлшеу мен рәсімдеу;

2) нормативтен тыс багажды рәсімдеу;

3) орталықтанған кесте құру;

4) бос орынның бар болуын анықтау;

5) тіркеу қорытындысын жүргізу;

6) тиеу жинақтық ведомствосын алдын-ала және нақты құру, рейстік құжаттамаларды рәсімдеу;

7) құжаттарды, соның ішінде бақылау талондар пакетін және рейс бойынша бір мәртелік жинақ квитанцияларын әкипажға беру;

8) әуе кемесіне тиеуді бақылау;

9) тиеу үшін ұшактың жүк бөлігі туралы мағлұмат беру;

10) жолаушыларды жинақтау және әуе кемесіне дейін алып жүру;

11) әуе кемесіне отырғызғаннан кейін жолаушылардың санын тексеру;

12) ұшып келген жолаушыларды күтіп алу және әуевокзалына дейін алып жүру;

13) багаж тиеу, түсіру және тасымалдау, сондай-ақ багажды тапсыру;

14) вокзал жанындағы аландары және әуевокзал зонасы: вестибюль, анықтама-ақпараттық аймақтарды, ғимараттар және күту аймағын, жолаушыларға қосымша қызмет көрсету ғимараттарын (ана мен бала бөлмесі, діни рәсімдер бөлмесі, медпункт, әжетхана) беру, күтіп ұстау және қызмет көрсету;

15) жолаушыларды ақпараттық қамтамасыз ету;

16) жолаушыларға багаж арбаларын беру.

9. Жолаушыларға қызмет көрсету – жолаушыларды тіркеуді авиакомпания өз бетімен іске асыратын жағдайда қызмет көрсету технологиясына сәйкес көрсетілетін қызметтер, мыналарды қоса алғанда:

1) багажды өлшеу мен ресімдеу;

2) нормативтен тыс багаж ресімдеу;

3) жолаушылар жинау;

4) ұшып келген жолаушыларды күтіп алу және аэровокзалға дейін сүйемелдеу;

5) багаж тиеу, тұсіру және тасымалдау, сондай-ақ багажды беру;

6) вокзал маңындағы алаңдар және аэровокзал аймағындағы: вестибюль, анықтама-ақпараттық аймактарды, үй-жайлар және күту аймағын, жолаушыларға қосымша қызмет көрсету үй-жайларын (ана мен бала бөлмесі, діни ресімдер бөлмесі, медпункт, әжетхана) беру, күтіп ұстай және қызмет көрсету;

7) жолаушыларды ақпараттық қамтамасыздандыру;

8) жолаушыларға багаж арбасын беру.

10. Жолаушыларға, экипаж мүшелеріне ұзақ мерзімде тұруға арналған залдар беру;

1) үй-жайлар беру;

2) персоналын беру;

3) ұзақ мерзім залында жолаушыларға қызмет көрсету;

11. Жүкті өндеу – келіп тұскен және жөнелтілген жүктөр мен пошталарды өндеу кезінде қызмет көрсету технологиясына сәйкес көрсетілетін қызмет, қоса алғанда:

1) кедендік бақылау және жүк қабылданалуышыларды ескеरту (халықаралық тасымалдауда);

2) санитарлық бақылау (халықаралық тасымалдауларда);

3) өлшеу және маркерлеу;

4) жүк алушылар бойынша сорттауды қоса алғанда қоймада сорттау, құжаттамалар ресімдеу;

5) контейнерлерге және түпқоймаларға іріктеуді, бөліп іріктеуді қоса алғанда рейстер бойынша іріктеу;

6) жүкті жиырма төрт сағаттан артық емес аз мерзімге сақтау;

7) әуе кемесіне және кері тасымалдау үшін тиеу-тұсіру құралына тиеу-тұсіру;

8) әуе кемесіне және кері тасымалдау;

9) әуе кемесіне/ әуе кемесінен тиеу мен тұсіруді бақылау;

10) әуе кемесіне және кері тиеу-тұсіру.

11) әуе кемесінің бортынан ұшу құжаттамаларын тасу және жеткізу;

12) құжаттарды тиісті тәртіппен ішкі ережеге және халықаралық ұйымдардың регламентіне немесе тасымалдаушының өз талаптары бойынша сәйкес құру, қол қою, өткізу, келісу, тіркеу;

13) жүктөрді пакеттеу құралы үшін қойма аландарын беру;

14) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) белгілеген талаптарына сәйкес жүкті сақтау және пакеттеу құралдарын өндеу;

15) жүктөрге қызмет көрсету үшін қоймалар мен жабдықтар беру;

мемлекеттік органдардың талаптары бойынша жеке тексеру үшін жүктөрді беру;

16) мемлекеттік органдардың талаптары бойынша жеке тексеру үшін жүктөрді беру;

17) мемлекеттік органдардың тиісті рұқсатын алғаннан кейін белгіленген тәртіп бойынша жүк алушыға немесе агентке жүкті беру;

18) қолданыстағы нұсқаулыққа сәйкес жіберілген жүк партиясының келгені туралы жүк алушыны немесе агентті хабардар ету, жүк алушыға немесе агентке жүк құжаттамасын беру;

19) одан әрі тасымалдау үшін жүктөрді (трансферттік, транзиттік) қабылдау/дайындау;

20) пошталық құжаттар бойынша келген пошталарды тексеру;

21) трансферттік поштаны алып жүруші пошталық құжат бойынша өндөу;

22) кіріс/шығыс пошталық құжаттарды беру.

12. Жүкті жиырма төрт сағаттан аса сақтау, қоса алғанда;

1) жүкті қабылдау;

2) жүкті сақтау;

3) жүкті беру.

13. Жарнамаларды орналастыруға орын беру; қоса алғанда:

1) орын беру;

2) персонал беру.

14. Әуе кемесін авиациялық жанар-жағармаймен қамтамасыз ету – қызмет көрсету технологиясына сәйкес көрсетілетін қызмет, қоса алғанда:

1) авиациялық жанар-жағармаймен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

2) авиациялық жанар-жағармай материалы сапасының анализі;

3) авиациялық жанар-жағармай материалын қабылдау, құю және жіберу;

4) әуе кемесіне авиациялық жанар-жағармай материалын құю үшін қызметкер (оператор) және техникалық жылжымалы және/немесе стационарлық құрал беру;

15. Авиациялық жанар-жағармай материалдарын сақтау бойынша қызметтер:

1) авиациялық жанар-жағармай материалын қабылдау;

2) авиациялық жанар-жағармай материалы сапасын талдау;

3) жанар-жағармай материалын сақтау;

4) жанар-жағармай материалын жіберу;

16. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетудің транзиттік формасы бойынша қызмет көрсету – инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету және әуе кемесінің типі бойынша техникалық қызмет көрсету регламентіне сай әуе кемесін ұшуға дайындау, сондай-ақ қажетті құжаттамалар рәсімдеу, қоса алғанда:

1) әуе кемесіне ағымдағы оперативті қызмет көрсету;

2) техникалық қызмет көрсету регламентін, технологиялық нұсқаулар, оперативті техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты, анықтамаларды, каталогтар мен әуе кемесінің әрбір типі бойынша басқа қажетті құжаттар беру;

3) әуе кемесін, соның ішінде жолаушылық салонды, асхананы, әжетхана бөлмелерін оперативті ішкі тексеруді іске асыру;

4) әуе кемесіне оперативті тексеру жүргізу туралы борттық мәліметтер журналына енгізу;

5) борттық мәліметтер журналына әуе кемесін тексеру кезінде анықталған ақаулар туралы ескертулер енгізу;

6) ұшы алдында әуе кемесінің үстінде мұздың жоқтығын тексеру;

7) әуе кемесінің ұшуға дайындығы туралы құжаттамалар рәсімдеу.

17. Әуе кемесін күтіп алуды – жөнелтуді қамтамасыз ету - әуе кемесін күтіп алуды – жөнелтуді қамтамасыз ету жөніндегі техникалық қызмет көрсету регламентінде көзделген міндетті жұмыстар жинағы бойынша әуе кемесінің ұшын инженерлік–авиациялық қамтамасыз ету, қоса алғанда:

1) әуе кемесін тұрақ орнына қабылдау;

2) шасси дөңгелегінің астына тұрақ қалып орнату;

3) тұрақ қалыптарын тазарту;

4) әуе кемесінің жерге қону;

5) ұшақтың сөйлесу құралы немесе перрон және экипаж кабинасы арасындағы радио байланыс арқылы экипажбен байланыс орнату;

6) қозғалтқышты жіберуді бақылау;

7) әуе кемесінің тұрақ орнынан жермен жүруін бақылау;

8) шасси фиксаторын, қозғалтқыш қақпағын, түрлі датчиктердің тыстары орнату (алып тастау);

18. Жолаушыларды отырғызу/түсіру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) трапты беру;

2) трапты орнату;

3) жолаушыларға қызмет көрсету агентінің жолаушыларды отырғызының/түсіруін бақылау;

4) трапты жинау.

19. Жолаушыларды жеткізу – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) жолаушыларды әуе кемесіне/әуе кемесінен жеткізу үшін көлік құралын беру;

2) жолаушыларға қызмет көрсету агентінің жолаушыларды алып журу;

3) көлік құралын алып кетуді;

20. Жолаушылар мен әуе кемесінің экипаждарын борт қорымен қамтамасыз ету - әуе кемесін борт тамағымен қамтамасыз ету кезінде көрсетілетін қызмет, қоса алғанда:

1) әуе кемесінің бортына алынбалы жабдықтар мен борт ыдыстарын қабылдау және түсіру;

2) көлік құралына тиеу, борт тамағын кешенге (цех) жеткізу және алынбалы жабдықтар мен борттық ыдыстарды түсіру;

3) көлік құралына борт тамағы кешенінен (цех) борт тамағын тиеу;

4) арнайы автокөлікпен қамтамасыз ету (автолифт және т.б.)

5) әуе кемесіне борт тамағын жеткізу;

6) әуе кемесінің борттына борт тамағын беру және тиеу.

21. Жолаушыларды жеке-дара алып жүру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) үй-жайларды беру;

2) көлік құралын беруді (шағын автобус);

3) жолаушыларға қызмет көрсету агентінің алып жүру;

4) көлік құралын алып кету.

22. Багаж, жүк және поштаны жеке-дара алып жүру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) техникалық құралдар (багаждық трактор, багаждық арбалар, паллеттер) мен персонал беру;

2) әуе кемесіне және дейін алып жүру;

3) техникалық құралдарды алып кету.

23. Экипаж жеткізу – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) техникалық құралдар (автобус, шағын автобус), қызметкер беру;

2) әуе кемесіне/әуе кемесінен жеткізу;

3) техникалық құралдарды алып кету.

24. Буксируе – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, беруді қоса алғанда:

1) техникалық құралдар (әуе кемесі және/немесе сұйретпе үшін су қуралы);

2) буксируе су құралын әуе кемесі мен тягачқа жалғау/ажырату;

3) техникалық құрам (қажетті гарнитурамен);

4) буксируе аяқталғанда техникалық құралды алып кетуді.

25. Ішкі тазалау – жолаушылар салонын, есік участеклерін, алғы және артқы кабиналарды, экипаждар, залдар, барлар, буфеттер, асханалар, санузелдер (әжетханалар), терезелер бөліктерін, жүк бөліктерін, вертибюлаларды тазалау технологиясында көзделген жұмыстар жиынтығы, қоса алғанда:

1) құл сауыттарды тазарту;

2) әуе кемесіндегі қоқысты жинау;

3) орындықтың арқа қалталарынан және жоғарыдағы багаж орындарынан қоқыстарды жою;

4) орындықтарды жуу;

5) жолаушылар орындықтары мен жалғаспалы жабдықтарды тазалау және тәртіпке келтіру;

6) еденді тазалау (кілемдерді және айналадағы шалағайларды);

7) борттық буфеттердегі, асхана мен әжетханадағы жабдықтардың үстін және жабдықтарын ылғалдан тазалау;

8) әуе ауруынан, азық-тұліктердің шашылуынан, азық-тұліктердің төгілуінен және дақтардан болған түрлі ластануларды жою;

9) қоқысты шығару және пайдаға асыру.

26. Әуе кемесінің санузелдеріне (әжетханаларына) қызмет көрсету - әуе кемесінің санузелдеріне (әжетханаларына) құюды (босату, тазалау, жуу) және санузелдер (әжетханалар) жеткізуді, қалдықтарды жою мен пайдаға асыруды қоса алғанда, қызмет көрсету бойынша жұмыстар жиынтығының қамтамасыз ету, қоса алғанда:

1) санузелдер (әжетханалар) қалдығын құю үшін және техникалық сумен толтыру үшін арнайы машина беру;

2) персоналды (оператор) ұсыну;

3) әуе кемесіне арнайы машина алып бару және оператордың арнайы машинаның технологиялық шлангісін әуе кемесінің жүйесіне жалғау;

4) әуе кемесінің қабылдау бөшкесіне әуе кемесінің берілген типі бойынша технологиялық нұсқауға сәйкес немесе пайдаланушының нұсқауы бойынша құю және жуып тазалау;

5) әуе кемесінің қабылдау бөшкелерін кейін химиялық пакеттер қосумен техникалық сумен толтыру;

6) технологиялық шлангілерді ажырату, технологиялық люктерді, жапқыштарды жабу және арнайы машинаны алып кету жұмыстарын жүргізгеннен кейін.

27. Ауыз суды толтыру - әуе кемесін ауыз сумен толтыруды қамтамасыз ету бойынша қызметтер жиынтығы, қоса алғанда:

1) ауыз суды дайындауды, тазалау мен фильтрлеу;

2) судың санитарлық нормаларға сәйкестілігінің құжаттарын беру;

3) персоналмен (оператор) арнайы машина беру;

4) оператордың арнайы машинаны әуе кемесінен алып кету;

5) технологиялық шлангілерді әуе кемесінің жүйесіне жалғау;

6) әуе кемесінің су бөшкелерін толтыру;

7) технологиялық шлангінің ажыратуды, крандарды, люктер мен жапқыштарды жабу;

8) арнайы машинаны әуе кемесінен алып кету.

28. Әуе кемесіне электрэнергиясын беру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) электрэнергиясын қызметкермен беру үшін арнайы техника немесе стационарлық қуат көзін беру;
- 2) арнайы техниканы әуе кемесіне айдал бару;
- 3) әуе кемесіне технологиялық кабелдер қосу;
- 4) электрэнергия беруді және беріп жатқан арнайы техниканың немесе әуе кемесі бортындағы стационарлы қуат кернеу тоғының параметрлерін бақылау;
- 5) тұтынып жүрген электрэнергиясының көлемін анықтау;
- 6) кабелдерді ажырату;
- 7) жұмыс жүргізгеннен кейін арнайы машинаны әуе кемесінен алып кету;

29. Әуе кемесін кондиционерлеу – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) әуе кемесін кондиционерлеу үшін персонал (оператормен) арнайы машина беру;
- 2) әуе кемесінің кабинасын қажетті температураға кондиционерлеу жүргізу;
- 3) арнайы машинаны алып кету жұмысын жүргізгеннен кейін.

30. Әуе кемесін қар мен мұздан тазарту – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) сыртқы ауаның температурасына қарай арнайы сұйықтық дайындау;
- 2) әуе кемесі үстінің мұздануын персонал (оператормен) жою үшін арнайы техника беру;
- 3) арнайы баспалдақтар беру;
- 4) әуе кемесінің үстіндегі қар мен мұзды жою;
- 5) арнайы машинаны алып кету жұмысын жүргізгеннен кейін.

31. Авиақозғалтқышқа май құю – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) қозғалтқышты толтыру үшін май дайындауды;
- 2) майдың сапасы мен техникалық талаптарға тиістілігін растайтын құжаттар беру;
- 3) май құю үшін арнайы машина беру;
- 4) техникалық персонал (оператор) беру;
- 5) толтыру үшін қозғалтқыш пен май бөшкесін дайындау;
- 6) әуе кемесінің бөшкесіндегі майдың мөлшерін тексеру;
- 7) май бөшкесіне сертификатталған маман немесе экипаждың бақылауымен қажетті май толтыру;
- 8) май бөшкенің, кіру люктерінің аузын жабу;
- 9) арнайы машинаны әуе кемесінен алып кету;
- 10) Құжаттамалар рәсімдеу.

32. Жүйені оттегімен толтыру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) жүйені оттегімен толтыру үшін арнайы агрегат беру;
- 2) сапа мен оттегінің техникалық талаптарға тиістілігін растайтын құжаттар беру;
- 3) техникалық персонал (оператор) беру;
- 4) жүйенің саңылаусыздығын тексеру;
- 5) ауа баллондарының қысымын тексеру;
- 6) әуе кемесінің ауа баллондарын осы әуе кемесінің технологиялық көрсеткішіне сәйкес сертификатталған маманның немесе экипаждың бақылауында толтыру;
- 7) арнайы агрегатты әуе кемесіне ажырату мен айыру жұмыстарын жүргізгеннен кейін;
- 8) Құжаттамалар рәсімдеу.

33. Әуе кемесін азотпен немесе сығылған ауамен толтыру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) әуе кемесін азот немесе сығылған ауамен толтыру үшін арнайы машина немесе арнайы агрегат беру;
- 2) техникалық құрам (оператор) беру;
- 3) баллондарда қысымның болуын тексеру;
- 4) әуе кемесіне агрегат орнату және шлангіні әуе кемесіне жалғау;
- 5) жүйені қажетті мөлшерге дейін толтыру;
- 6) әуе кемесінен шлангіні ажырату және арнайы машинаны (арнайы агрегатты) алып кету жұмысын жүргізгеннен кейін;
- 7) құжаттамалар рәсімдеу.

34. Гидрожүйені тексеру және толтыру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) әуе кемесінің гидрожүйесін толтыру үшін гидросүйекшілдік дайындау;
- 2) гидросүйекшілдік сапасын және техникалық талаптарға тиістілігін растайтын құжаттар беру;
- 3) әуе кемесіне арнайы құрылғыны (агрегат) жылжыту үшін арнайы көлік беру;
- 4) техникалық құрам (оператор) беру;
- 5) әуе кемесіне арнайы құрылғы орнату, технологиялық шлангілер мен гидрожүйесін құюды жалғау;
- 6) технологиялық шлангілерді жалғау және арнайы құрылғыны (агрегат) әуе кемесінен айыру жұмысын жүргізгеннен кейін;
- 7) құжаттамалар рәсімдеу.

35. Авиақозғалтқыштың әуе жіберуін қамтамасыз ету – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) авиақозғалтқыштың арнайы әуе жіберу қондырғысын беру;
- 2) техникалық құрам (оператор) беру;
- 3) әуе жіберу қондырғысын әуе кемесіне орнат;
- 4) әуе жіберу қондырғысын әуе кемесіне жалғау;
- 5) әуе жіберу қондырғысын жіберу және қажетті құралдарды бақылау, соның ішінде отынның, майдың ағуы мен өрт болдырмау;
- 6) әуе жіберу қондырғысын әуе кемесінен ажырату, авиа қозғалтқышты жіберу панелін жабу;
- 7) әуе жіберу қондырғысын әуе кемесінен айыру жұмысын жүргізгеннен кейін.

36. Ангардан тұрақ – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) ангар беру;
- 2) ангарды жарық және жылумен қамтамасыз ету;
- 3) шасси донғалағының астына тұрақ қалпын беру;
- 4) әуе кемесін қуат көзімен және жер беті қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;
- 5) әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

37. Ұшуға штурмандық қызмет көрсету – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) персонал (штурман) беру;
- 2) қызмет көрсетуге қажетті техникалық құралдар беру.

38. Навигациялық есеп беру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) персоналды беру;
- 2) навигациялық есепті орындау үшін техникалық құралдар беру.

39. Флайт-жоспар құру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) персоналды беру;
- 2) флаит-жоспар құру үшін техникалық құралдар беру.

40. Әуенавигациялық ақпараттар жинағын жалға беру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) персоналды беру;
- 2) әуенавигациялық ақпараттар жиынтығы мен қызмет көрсету үшін техникалық құралдар беру.

41. Радионавигациялық картаны жалға беру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

- 1) персоналды беру;

2) қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін техникалық құралдар беру.

42. Болжамдалған желді есепке алып авиациялық жанар-жағармай материалының қажетті мөлшерінің есебі – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) әуежай персоналымен болжамдалған желді есепке алып авиациялық жанар-жағармай материалының қажетті мөлшерінің есебін жүргізу;

2) қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін техникалық құралдар беру.

43. Экипаж мүшелерін медициналық тексеру – қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) екипаж мүшелерін визуалды тексеру;

2) техникалық құралдарды пайдалану арқылы екипаж мүшелеріне тексеру жүргізу;

3) екипаж мүшелерінің тексеруден өткендігі туралы тиісті құжаттар (tіrkey) беру;

44. Әуе кемесінен қоқыс шығару және пайдаға асыру – операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) персоналды (оператор), беру;

2) қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін техникалық құралдар беру;

45. Әуе кемесінің әрбір түрі бойынша алынбалы жабдықтар мен борт ыдыстарын санитарлық өндөу, қоса алғанда:

1) персоналды (оператор), беру;

2) қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін техникалық құралдар беру.

46. Техникалық қызметшіл (оператор) беру:

1) әуе кемесіне қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығын қамтамасыз ету үшін қызметшіл (оператор) беру;

2) оператордың жұмысы үшін техникалық құралдар беру.

47. Арнайы техникалық және көлік құралдарын беру - әуе кемесіне қызмет көрсету технологиясында көзделген операциялар жиынтығы, қоса алғанда:

1) персонал (оператор) беру;

2) техникалық және көлік құралдарын беру.

48. Алымсыз сауданы қамтамасыз ету.

1) алымсыз сауданы іске асыру үшін тауар жеткізуді ұйымдастыру;

2) алымсыз сауда қызметін іске асыру;

49. Коммерциялық ұйымдарға тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланатын әуежай жайларын жалға беру:

1) алаң беруді;

2) басқа негізгі құралдарды беруді қоса алғанда.

50. Мемлекеттік ұйымдарға әуежай жайларын жалға беру:

1) алаң беруді;

2) басқа негізгі құралдарды беруді қоса алғанда.

51. Тапсырыс (келісімді) авиарейстерді метеорологиялық қамтамасыз етуді беру, қоса алғанда:

1) персоналды беру;

2) жай беру.

52. Авиатасымалдау процессін қамтамасыз етуде қатысатын басқа үйымдарға ауысу алдында медициналық қарау:

1) кәсіпорын жұмыскерлерін көзбен шолып қарау;

2) кәсіпорын жұмыскерлерін техникалық құралдармен қолданып қарау;

3) кәсіпорын жұмыскерлерінің қарау бойынша өткені туралы тиісті құжаттарды беру және жұмысқа рұқсат беру.

53. Жүк буып түю, қоса алғанда:

1) жүкті буып түю үшін орын дайындау;

2) жүкті буып түюге қондырғыны беру;

3) жүкті буып түюге арналған материалмен қамтамасыз ету;

4) жүк буып түюді қамтамасыз ету.

54. Әуеайлық маңында орналасқан жел айлығы жарамдылығын басқа үйымдармен қарау, қоса алғанда:

1) тікүшақты көзбе-көз қарау;

2) "Ұшу жолағының жағдайы" журналындағы жазба.

55. Әуе кемелеріне техникалық және желілік қызмет көрсету, қоса алғанда:

1) техникалық көмек;

2) техникалық қолдау;

3) техникалық қызмет көрсету;

4) желілік қызмет көрсету.

56. Техникалық қызмет көрсету және авиациялық техниканы жөндеу, соның ішінде:

1) жедел техникалық қызмет көрсету;

2) мерзімділік техникалық қызмет көрсету;

3) техникалық қызмет көрсету және әуе кемелерінің компоненттерін жөндеу.

57. Азотты, оттегіні және қысылған ауаны жасап шығару және сату қызметі, баллондарды жөндеу, қоса алғанда:

1) шикізат жасап шығару (азот, оттегі және қысылған ая);

2) баллондарға шикізат қую (азот, оттегі және қысылған ая);

3) баллондарды күэландыру.

58. Жабдықтарды тексеру бойынша метеорологиялық қызмет көрсету, қоса алғанда:

1) әуе кемелерінің өлшем құрал жабдықтарын тексеру;

2) тексеріс үшін жабдықтармен қамтамасыз ету.

59. Әуе кемелерін сүйемелдеу, қоса алғанда:

1) персоналды беру;

2) рульдеу кезінде қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін рулежді жолдан тұраққа дейін байланыс құралдарымен жабдықталған арнайы машина ұсыну.

60. Әуежай алаңында орналасқан басқа ұйымдардың жел аяғын тазалау, қоса алғанда:

1) персоналды беру;

2) қызмет көрсету үшін техникалық жабдықтар беру.

61. Әуежайдың инфрақұрылымдық объектілерін пайдалану, нақты әуежай кешенінің шегінде - әуе кемесіне перронда технологиялық қызмет көрсетуге сәйкес ұсынған қызмет, қоса алғанда:

1) жолаушыларды әуе кемесінен/әуе кемесіне шығару немесе отырғызу үшін перронды техникалық құралдарға ұсыну;

2) жолаушыларды әуе кемесіне/әуе кемесінен әуежайға жеткізу үшін перронды көлік құралына беру;

3) Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету үшін перронды арнайы техникалық және көлік құралдарына беру.

62. Тікүшақты авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету әуеайлақтан тыс жерде ұшу-қону кезінде ұсынылады, қоса алғанда:

1) авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету кешенді ұсынылады.